

**Павлодар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 32/242 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 маусымдағы № 55/250 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 6454 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 32/242 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3780 болып тіркелген, 2014 жылғы 4 мамырда "Заман тынысы", "Нива" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1-тармағында:

он бірінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысына (одан әрі - ҰОС) қатысушылар мен мүгедектеріне 500000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 5 АЕК мөлшерінде азық-түлік жиынтығы;"

он төртінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауғанстандағы әскері іс-қимылдарға қатысқан адамдарға 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;"

он бесінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Чернобыль атом электростанциясындағы аварияны 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде, басқа да радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі аварияны жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, заңдылық, азаматтардың құқығын сақтау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Мәслихат хатшысы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Павлодар облысының әкімі*

*2019 жылғы "24" маусым*

*Р. Краснова*

*А. Шайхимов*

*Б. Бақауов*